

БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК басшысы

Б. Абдикерова

2024 ж.

Балалар музыка және өнер мектептерінің, колледждердің музыкалық бөлімдері педагогтерінің орындаушылық шеберліктерінің «ШАБЫТ ШАТТЫҒЫ» атты IX облыстық байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1 Облыстық «Шабыт шаттығы» байқауы (бұдан әрі – Байқау) Қарағанды облысының қосымша білім беру педагогтері қауымдастығының жұмыс жоспарына сәйкес, білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мен «Шабыт» жобасын жүзеге асыру аясында өткізіледі.

1.2 Ереже Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің, колледждердің музыкалық бөлімдері педагогтерінің арасындағы орындаушылық шеберліктерін және байқаудың мақсаты мен міндетін, байқауды өткізу тәртібін, жеңімпаздарды бағалау, марапаттау - өлшемшарттарын белгілейді.

1.3 Байқауды ұйымдастырушылар: Қарағанды облысының білім басқармасы, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы, Қарағанды қаласының № 1 Балалар музыка мектебі, Сарань қаласының балалар өнер мектебі.

1.4 Байқау оффлайн форматта өтеде.

- 2024 жылдың 25-29 қарашасы аралығында «Хореографиялық өнер» номинациясы бойынша (солистер, ұжымдық формалар) өтініштер қабылданады. 2024 жылдың 6 желтоқсанында байқау нөмірлері қаралады.

- 2025 жылдың 13-17 қаңтары аралығында «Солистер» номинациясы бойынша (академиялық, эстрадалық вокал, дәстүрлі ән айту) өтініштер қабылданады. Конкурстық тыңдау 2025 жылдың 25 қаңтарында өтеді.

- 2025 жылдың 11-15 наурызы аралығында «Ансамбльдер» номинациясы бойынша (аспаптық, вокал) өтініштер қабылданады. Конкурстық тыңдау 2025 жылдың 28 наурызында өтеді.

- 2025 жылдың 14-18 сәуірі аралығында аспаптық орындауға (фортепиано, гитара, қазақ халық аспаптары, орыс халық, үрмелі, ішекті, соқпалы аспаптар және т.б.) «Солистер» номинациясы бойынша өтініштер қабылданады. Конкурстық тыңдау 2025 жылдың 26 сәуірінде өтеді.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеті

2.1 **Мақсаты:** балаларға қосымша білім беру ұйымдары, колледждердің музыкалық және хореографиялық бөлімдері педагогтерінің шығармашылық

әлеуетін дамыту, мұғалімнің жағымды имиджін қалыптастыру арқылы құндылықтарды насихаттау.

2.2 Міндеттері:

- өнер мектептері мен балалар музыка мектептеріндегі педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және ынталандыру.

- өнер мектептері мен балалар музыка мектептері педагогтерінің өзара іс-тәжірибе алмасуы.

3. Байқау қатысушылары

3.1 Байқауға өнер мектептері мен музыка мектептерінің, колледждердің музыка және хореография бөлімдерінің педагогтері дипломдары мен оқытылатын пәні бойынша келесі номинациялар бойынша қатысады:

- «Жеке орындаушылар» - жеке орындау (академиялық, эстрадалық вокал, дәстүрлі ән айту); концертмейстерді бағалаумен немесе концертмейстерді бағалаусыз; аспапта орындау (фортепиано, гитара, қазақ халық, орыс халық аспаптары, үрмелі, ішекті және соқпалы аспаптар және т.б.)

- «Ансамбльдер» (кіші құрам-дуэттер, трио, квартеттер және т.б. 16 адамға дейін, концертмейстер- ансамбльге қатысушы ретінде);

- «Колледж педагогы» - Тәттімбет атындағы өнер колледжі мен гуманитарлық колледждің музыкалық бөлімдерінің оқытушылары үшін;

- «Педагог-концерттік орындаушы» (Қ. Байжанов атындағы концерттік бірлестікте, музыкалық комедия академиялық театрында жұмыс істейтін педагогтер үшін)

- «Хореографиялық өнер» Қарағанды облысының қосымша білім беру ұйымдарының (балалар өнер мектептері, оқушылар сарайлары) және колледждердің хореографиялық бөлімдерінің (жеке орындаушылық, ұжымдық орындаушылық 2-6 адам) педагог-хореографтарына арналған.

3.2 Жас ерекшеліктер:

- «Жеке орындаушылар» номинациясында: жеке орындау, аспаптық орындау – 1 санат – 35 жасқа дейін (қоса алғанда), 2 санат – 35 жастан жоғары;

- «Хореографиялық өнер» номинациясында: жеке орындау – 1 санат – 20-25жас, 2 санат – 26-35 жас, 3 санат – 35 жастан жоғары;

- «Ансамбльдер» және «Хореографиялық өнер» номинацияларында ұжымдық формалар – жас топтары аралас болуы мүмкін.

4. Байқауды ұйымдастыру және өткізу

4.1 Номинациялар бойынша байқау материалдары 1.4-тармақта көрсетілген мерзімде жіберіледі.

4.2 Байқауға қатысу үшін өтінімдер (1,2,3-қосымшалар) **shabytkrg2020@mail.ru** электрондық поштасы арқылы қабылданады.

4.3 Қосымша ақпаратты төменде көрсетілген телефондар арқылы алуға болады:

8 705 5412128 – Калмагамбетова Айгуль Хамзеевна;

8 747 773 77 61 – Морева Анастасия Владимировна.

4.4 Байқауға қатысуға өтінімдер (берілген үлгі бойынша) қалалық, аудандық білім бөлімі басшының қолымен бекітілген нұсқада қабылданады.

5. Байқауға қатысушыларға қойылатын бағдарламалық талаптар

5.1 Байқауға қатысушылар екі түрлі шығарма орындайды. Орындалатын бағдарлама БММ, БМ музыкалық-орындаушылық бөлімін бітірген түлектің деңгейінен төмен болмауы керек. «Колледж педагогы» номинациясына қатысушылар үшін – колледждің 3-4 курс студентінің деңгейінен төмен емес.

5.2 «Хореографиялық өнер» номинациясы бойынша байқауға қатысушылар (жеке орындау, 2-6 адамнан тұратын ұжымдық формалар) бір бағыт бойынша бір байқаулық нөмірді орындайды: классикалық би, Demi-классика, халық биі (әлем халықтарының билері), стильдендірілген халық биі, қазақ биі, тарихи және тұрмыстық би, заманауи би (джаз, модерн, контемпорари, брейк), шығыс биі. Орындалатын бағдарлама БММ, БМ хореографиялық бөлімінің түлегі деңгейінен кем болмауы керек. Колледж педагогтері үшін – колледждің 3-4 курс студентінің деңгейінен төмен емес.

5.3 «Ансамбльдер» номинациясы бойынша байқауға қатысушылар бір мектептің қызметкерлері болуы керек. Ансамбльге қонақ музыканттар (мұғалімдер емес) кірмеуі керек. Қ.Байжанов мектебінің қызметкерлері болған жағдайда екі адамнан аспайтын ансамбль құрамына концерттік бірлестіктің музыканттары кіре алады.

5.4 Бағдарламаның орындалу уақыты

- «Жеке орындаушы» жеке орындау, аспаптық орындау, «Ансамбльдер», «Колледж педагогы», «Концерттік орындаушы педагог» номинацияларында – **8 минутқа дейін.**

- «Хореографиялық өнер» номинациясында (жеке орындаушылық, ұжымдық орындаушылық 2-6 адам) – **4 минутқа дейін.**

5.5 Ноталар бойынша байқау бағдарламасын орындауға тек концертмейстер мен «Ансамбльдер» номинациясының қатысушыларына ғана рұқсат етіледі..

5.6 Егер бір шығарма концертмейстердің сүйемелдеуімен, ал екіншісі сүйемелдеуінсіз орындалса, концертмейстер бағаланбайды.

5.7 Орындалатын байқау бағдарламасына өзгерістер байқау басталғанға дейін **5 күннен кешіктірілмей енгізіледі.**

5.8 Барлық тыңдаулар көпшілік алдында өткізіледі.

5.9 Қатысушы шығармаларды орындау тәртібін дербес анықтайды.

6. Байқауды бағалау өлшем шарттары мен өткізу талаптары

6.1 Байқауға қатысушыларды бағалау өлшем шарттары:

- орындау шеберлігі мен әртістігі;
- дауыс ырғағының тазалығы мен әуезділігінің сапасы
- техникалық шеберлігінің деңгейі
- музыкалық мәтінді білуі
- сахнаға бейімділігін көрсете білуі
- өнер көрсетудің эмоциялығы мен мәнерлілігі
- мазмұн мен музыкалық форма бейнесінің бірлігі
- көркем бейненің тұтастығы

- сахна мәдениеті (байқауға қатысушының сырт келбеті, сахнада өзін-өзі ұстай білуі)
- репертуарды таңдай білуі

6.2 Байқауға қатысушыларды «Хореографиялық өнер» (жеке орындаушылық, ұжымдық орындаушылық) номинациясы бойынша бағалау өлшемдері

- орындау шеберлігі мен әртістігі;
- орындау техникасы;
- орындалатын шығармалардың көркемдік құндылығы;
- эстетикалық;
- жанрлық сәйкестік;
- нөмірдің композициялық құрылысы репертуарды таңдай білуі;
- музыкалық және хореографиялық материалдарды таңдау және сәйкестендіру;
- өзіндік ерекшелігі.

6.3 Байқауды өткізу шарттары:

- байқауда орындау реттілігі өтінімдердің түсуіне қарай жүргізіледі;
- қазылар қатысушылардың өнерін 10 ұпайлық жүйемен бағалайды;
- қатысушыларға аудитория және алдын ала ұсынылған кесте бойынша жаттығуға уақыт беріледі;
- байқаудың тікелей өтетін жерінде акустикалық және техникалық дайындық 3 минутқа дейін шектелуі мүмкін;
- қорытындылар шығарылып, қазылар алқасының хаттамасына қол қойылғаннан кейін Байқау нәтижелері ҚО ББДОӨО сайтында орналастырылады;
- байқау қорытындылары түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды;
- ұйымдастыру комитеті қатысушыны, шығармашылық ұжымды, басшыны байқаудың ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны, тәртіпті бұзғаны және ұйымдастыру комитетіне, қазылар алқасы мүшелеріне және байқау қатысушыларына қатысты бейәдепті мінез-құлқы үшін шеттетуге құқылы;
- **2023-2024 оқу жылындағы «Шабыт шаттығы»** балалар музыкалық мектептері мен өнер мектептерінің оқытушылары арасында өткізілген орындаушылық шеберлік байқауының **Бас жүлде** иегерлері мен **I дәрежелі** лауреаттары қонақ ретінде шақырылады;
- іссапар шығындары жіберуші тараптың есебінен.

7. Қорытынды шығару және марапаттау

7.1 Қазылар алқасының құрамы Қазақстан Республикасының мәдениет және өнер қайраткерлерінен тұрады.

7.2 Әр номинация бойынша және жас ерекшеліктеріне сәйкес әр топтан қазылар алқасы Бас жүлде және I,II,III дәрежедегі лауреаттарды айқындайды. Барлық байқау қатысушыларына сертификат беріледі.

«ШАБЫТ ШАТТЫҒЫ» байқауына қатысуға өтінім нысаны
«Жеке орындаушы» жеке ән айту, «Аспаптық орындау», «Колледж педагогы»,
«Концерттік педагог орындаушы» номинациялары бойынша

1. Қатысушының Т.А.Ә. (толық) _____
 2. Аймақ, білім беру ұйымы _____
 3. Ән айту құралы немесе түрі (академиялық, эстрадалық, дәстүрлі) _____
 4. Жеке орындаушылар үшін жас ерекшелігі (35 жасқа дейін, 35 жастан жоғары) _____
 5. Концертмейстердің Т.А.Ә.(толық) _____
(«концертмейстерді бағалаумен»; «концертмейстерді бағалаусыз»деп көрсетілуі қажет)
 6. Орындалатын шығармалар _____

 7. Шығарманы жалпы орындау уақыты _____
 8. **Қатысушының** ұялы телефоны (WhatsApp) және эл.мекенжайы _____
-

Білім бөлімінің басшысы _____ (Т.А.Ә.)
(қолы)

Күні және жіберуші тараптың мөрі

«ШАБЫТ ШАТТЫҒЫ» байқауына қатысуға өтінім нысаны
«Ансамбльдер» номинациясы бойынша

1. Ансамбль атауы (толық) _____
 2. Аймақ, білім беру ұйымы _____
 3. Ансамбльге қатысушылар тізімі _____

 4. Орындалатын шығарма _____
 5. Бағдарламаны жалпы орындау уақыты _____
 8. **Қатысушының** ұялы телефоны (WhatsApp) және эл. мекенжайы _____
-

Білім бөлімінің басшысы _____ (Т.А.Ә.)
(қолы)

Күні және жіберуші тараптың мөрі

«ШАБЫТ ШАТТЫҒЫ» байқауына қатысуға өтінім нысаны
«Хореографиялық өнер» номинациясы бойынша

1. Қатысушының Т.А.Ә. немесе ұжымның атауы (толық) _____
2. Аймақ, білім беру ұйымы _____
3. Би бағыты: (классикалық би, Демі-классика, халық биі (әлем халықтарының билері), стильдендірілген халық биі, қазақ биі, тарихи және тұрмыстық би, заманауи би (джаз, модерн, контемпорари, брейк), шығыс биі) _____
4. Ұжым қатысушыларының тізімі _____

5. Жеке орындаушылар үшін жас ерекшелігі (1 санат – 20-25 жас, 2 санат – 26-35 жас, 3 санат – 35 жастан жоғары) _____
6. Нөмірдің атауы _____
7. Шығарманы жалпы орындау уақыты _____
8. **Қатысушының** ұялы телефоны (WhatsApp) және эл.мекенжайы _____

Білім бөлімінің басшысы _____ (Т.А.Ә.)
(қолы)

Күні және жіберуші тараптың мөрі